

“Астана Медицина Университеті “АҚ
Кафедра:психиатрия және наркология

Тақырып:Тұлғаны зерттеу әдістері

**Орындаған:Балғабай Альмира
Ерсаинов Алимжан
523-топ ЖМ**

Жоспары:

- Тұлға деген кім?
- Тұлғаны зерттеу әдістері
- Жеке тұлғаны көп факторлы зерттеу (Р.Кэттел)
- «Өзін сезінуі, белсенділік, көңіл-күй» әдістемесі (САН)
- «Тұлғаның жабығу сәтіндегі өз мінез-құлқына баға беру» әдістемесі
- Ч.Д. Спилберг және Ю.Л. Ханиннің «Реактивті және тұлға мазасыздық деңгейін анықтау» әдістімесі
- Айзенктің темпераментті анықтау тесті
- Б.Басстың «Тұлғаның бағыттылығын анықтау» анкетасы

Тұлға

Жеке адамның өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, адамды саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын ұғым.

Адамның әлеуметтік қасиеттерінің жиынтығы, қоғамның даму жемісі және белсенді қызмет ету мен қарым-қатынас орнату арқылы жеке адамды әлеуметтік қатынастар жүйесіне енгізудің жемісі

◎ Жеке тұлғаға белгілі дәрежеде сипаттама бергенде оның белсенділігін бірінші кезекте қарастыру керек. Белсенділік-адамға өмірдегі өз орнымен жағдайын анықтауға, ұстаған адамзаттың позициясын аңғаруға мүмкіндік тудырады.

"Жеке тұлға — бұл қажет ақпаратты алу үшін жеткілікті уақыт мөлшерінде шынайы мінез-құлықты бақылауда анықталуы мүмкін іс-әрекеттердің жиынтығы" деген Уотсонның сөзін биховиористік анықтаманың мысалы ретінде келтіре аламыз. Принстің сөзін психодинамикалық анықтаманың мысалы ретінде келтіре аламыз: "Жеке тұлға — бұл индивидтің тума биологиялық диспозицияларының, инстинктерінің, құмарлықтарының және өмір сүру барысында иеленген бейімділіктері мен бітістерінің жалпы жиынтығы".

Жеке тұлға — бұл адамның қоршаған әлемге дербес бейімділігін анықтайтын, оның мінезінің, темпераментінің, интеллектісінің және дене құрылысының (конституциясының) азды-көпті тұрақты құрылымы.